

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 1996 жылы 31 желтоқсандағы N 336 қаулысымен бекітілген Капиталының теріс мөлшері бар банктердің акцияларын мәжбүрлеп сатып алу және сату тәртібі туралы» ережеге өзгерістер мен толықтырулар

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 1997 жылы 31 желтоқсандағы N 485 Қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 1999 жылғы 7 қаңтарда N 660 тіркелді. Күші жойылды - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі Басқармасының 2005 жылғы 26 наурыздағы N 113 (V053576) қаулысымен.

Капиталының теріс мөлшері бар банктердің акцияларын мәжбүрлеп сатып алу және сату тәртібі туралы ережеге өзгерістер мен толықтыруларды бекіту жөнінде

Қазақстан Республикасының банк қызметі мәселелері жөніндегі кейбір заң актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы»1997 жылы 11 шілдедегі N 154-1 Z970154_ ҚРЗ Қазақстан Республикасы Заңының күшіне енуіне байланысты Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 1996 жылы 31 желтоқсандағы N 336 V960340_ қаулысымен бекітілген капиталының теріс мөлшері бар банктердің акцияларын мәжбүрлеп сатып алу және сату тәртібі туралы ережеге Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясымен келісілген өзгерістер мен толықтырулар бекітілсін және ол Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енгізілсін.

2. Заң департаменті (Өртембаев А.К.) Банктік қадағалау департаментімен бірлесіп (Абдуллина Н.К.) осы қаулыны және Капиталының теріс мөлшері бар банктердің акцияларын мәжбүрлеп сатып алу және сату тәртібі туралы ережеге өзгерістер мен толықтыруларды Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде тіркеуден өткізсін.

3. Банктік қадағалау департаменті (Абдуллина Н.К.) осы қаулыны және Капиталының теріс мөлшері бар банктердің акцияларын мәжбүрлеп сатып алу және сату тәртібі туралы ережеге өзгерістер мен толықтыруларды Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің облыстық (Алматы аумақтық Бас)

басқармаларына (филиалдарына) және екінші деңгейдегі банктерге жіберсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары А.Ф. Сәйденовке жүктелсін.

Ұ л т т ы қ Б а н к

Төрағасы

Қазақстан Республикасының
Бағалы қағаздар жөніндегі
ұлттық комиссиясымен
келісілген
1998 жылғы 13 наурыздағы
№N 01-5/824

Қазақстан Республикасының
Ұлттық Банкі Басқармасының
1997 жылы 31 желтоқсандағы
№N 485 қаулысымен
бекітілген

**Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының
1996 жылы 31 желтоқсандағы N 336 қаулысымен
бекітілген Капиталының теріс мөлшері бар банктердің
акцияларын мәжбүрлеп сатып алу және сату тәртібі туралы»
ережеге өзгерістер мен толықтырулар**

1. 5-тармақтың бірінші сөйлемі мынадай редакцияда жазылсын:

"Ұлттық Банк банк ұсынған деректер негізінде банк капиталының мөлшерін
Ұлттық банк белгілеген банктің өз капиталының есеп айырысу әдістемесіне
с ә й к е с б е л г і л е й д і . "

2. 6-тармақ мынадай редакцияда жазылсын: «

"6. Заңды немесе жеке тұлғалар - банкті қайта капиталдандыру үшін жекелей
немесе бірлескен түрде жеткілікті ақшасы бар Қазақстан Республикасының
резиденттері мен резидент еместері банктің жаңа инвесторлары бола алады."

3. 8-тармақтағы "өз қаражаты" деген сөздер«"банкті қайта капиталдандыру
үшін жеткілікті ақшасы" деген сөздермен алмастырылсын.

4. 9-тармақтың екінші азатжолындағы "қаржы мөлшеріндегі" деген сөздер "
ақша сомасындағы" деген сөздермен алмастырылсын.

5. 15-тармақтағы "3 дана" деген сөздер "қазақ және орыс тілдерінде 3 данадан
" деген сөздермен алмастырылсын.

6. 23-тармақтағы "бағасының мөлшеріндегі ақша қаражаты" деген сөздер « "
құны сомасына ақша" деген сөздермен алмастырылсын.

7. 24-тармақтағы "теңбе-тең мөлшердегі ақша қаражатын" деген сөздер "
теңбе-тең сомада ақша" деген сөздермен алмастырылсын.

8 . 2 5 - т а р м а қ т а ғ ы :

"ақша қаражатынан" деген сөздер "ақшадан" деген сөзбен алмастырылсын;
тармақ мынадай мазмұндағы жаңа екінші азатжолмен толықтырылсын:

"Банкке талаптар қойылуы мүмкін бойынша міндеттемелерді орындау
мерзімі жеткенімен бірақ банк акцияларын мәжбүрлеп сатып алу туралы шешім

қабылданғанға дейін қойылмаған жағдайда, мұндай талаптардың жеке және заңды тұлғалардың депозиттері бойынша талаптардан басқасы өтелген болып с а н а л а д ы . " »

9. 32-тармақтағы "ақша қаражаттары" деген сөздер "ақшасы" деген сөзбен алмастырылсын.

Ұ л т т ы қ Б а н к

Төрағасы

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК